

Жумадилова Г.Т.

Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты, 2 курс докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhumadilova.gaini@gmail.com

**ЗАХИРЕДДИН НИШАПУРИДІҢ
«СЕЛЖУҚНАМЕ» КІТАБЫНДАҒЫ ТҮРІК БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Мақалада Захир ад-Дина Нишапуридің «Селжұқнаме» шығармасынан парсы тілінен аударылған үзінділер мен маңызды деректер келтіріле отырып, Селжұқтар дәуіріндегі билік, өкімет басқару, саяси құрылымдар жағдайларына талдау жасалады.

Түйін сөздер: Селжұқтар билігі, әскери билік, билеушілер, хатшылар (министрлер), қажы Низам әл-Мүлк.

Жумадилова Г.Т.

Институт востоковедения имени Р.Б. Сүлейменова, докторант 2 курса,
Казakhstan, г. Алматы, e-mail: zhumadilova.gaini@gmail.com

**Структурная система турецких правителей
в книге "Сельджукнаме" Захиреддина Нишапури**

В статье анализируется ситуация органов власти Сельджуков, государственных и политических структур, выдержки из персидского перевода «Сельджукнамера» Захира ад-Дина Нишапури.

Ключевые слова: правление Сельджуков, военная сила, правящие, секретари (министры), паломник Низам аль-Мүльк.

Zhumadilova G.T.

Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenova, 2-year doctoral student,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhumadilova.gaini@gmail.com

**The structural system of the Turkish governors
in the book "Seldzhukname" by Zakhireddin Nishapuri**

In the context of the situation is analyzed organs of the Seljuk, the state and political structures, the translation of the Persian word «Seljuknoma» Zahira ad-Dina Nishapuri and the significant data.

Key words: the governor Seljukov, the warrior, the righteous, the secretary (minister), the pilamer Nizam al-Mulk.

XI ғасырда түріктер туралы жазылған жалпы шығармалармен қатар, алғаш рет селжұқтар династиясына арналған алғашқы тарихи еңбектер жарыққа шыға бастады. Солардың бірі XI ғасырда белгісіз автордың қаламынан туған «Малик-наме». Бұл еңбекте селжұқтардың тарихы Мұхаммед Тоғрылбектің (1038–1063) заман-

дасы, туысы Инанч Байгу деген текті эмирдің айтуынша жазылған.

«Малик-наменің» түпнұсқасы арабша жазылған, алайда ол сақталмаған, бірақ сол шығармадан үзінділер мен қысқаша баяндаулар Ибн әл-Асир (XIII ғ.), Әбу-л-Фараджә (XIII ғ.), Мирхонә (XVI ғ.) және басқа тарихшылардың

(1, б. 31–65) еңбектерінде кездеседі. Осы еңбектің тікелей әсері Ибн Хассула Садр ад-Дин Хусейни (XII ғ.), Мехмед Нешри (XV ғ.) және Муслих ад-Дин Лари (XVI ғ.) сияқты ғалымдардың шығармаларынан да байқалады.

«Малик-наме» шығармасында X–XI ғғ. Селжұқтар қозғалысы туралы қызықты мәліметтер бар. Бұл шығармада селжұқтарды асыра мақтау мен әсірелеу басымдырақ. Мұндай үдерістің қалыптасуын селжұқтар династиясының басында отырған аға буын өкілдері мен Селжұқтар көсемдері өздерін таза ақсүйек деп насихаттауы [2, б. 299]. Сондықтан да болар «Малик-наме» авторы да оларды «ақсүйек патша тұқымдары» (знатное царское происхождение) деп көрсеткен.

Селжұқтар державасының тарихы туралы тағы бір ең бағалы және құнды еңбек Низам әл-Мүльктің «Саясат-наме» трактаты [3].

Низам әл-Мүлік Алып-Арслан (1063–1072) және Меликшах (1072–1092) тұсында үзір болған адам.

«Саясат-наме» шығармасында селжұқтар дәуірінің құрылысы ғана емес, сонымен қатар түркімен тайпаларының жағдайы туралы да тамаша толық мәліметтер бар. Қазіргі кезде бұл еңбектің парсы түпнұсқасынан басқа, ортағасырлық түрікше аудармасы да бар [4].

XII ғ. Селжұқтар тарихы туралы біраз еңбектер жарық көреді [5; 535б.]. Соның бірі Әнуширван ибн Халид Кашанидің қалдырған еңбегі. Кейіннен аталмыш шығарманы парсы тілінен Имад ад-Дин Исфакхани (1125–1201) араб тіліне аударды.

1126 ғ. белгісіз тарихшының кең көлемді «Мүджмал ат-таварих ва-л-кисас» атты еңбегі шықты. Бұл шығарма селжұқтар тарихы жайлы құнды әрі маңызды еңбек болатын. «Мүджмал ат-таварих» жазған адам «көптеген тарихи еңбектерді пайдаланған» деп жазады... [6, 64 б.].

Қарастырылған еңбектердің ішінде түркі тілдес тайпалар жайлы тың әрі көптеген аңыздар мен әңгімелер де бар. Солардың бірі «Оғыз-наме» туралы айтылған көне аңыз нұсқасы [7, 35 б.]. Бұл еңбек әлі де аударып зерттеуді қажет етеді.

1953 ж. Тегеранда, жоғалып кетті делінген XII ғасырдағы Захир ад-Дин Нишапуридің «Селжұқнаме» [8] еңбегі табылып, қайта жарық көрді. Захир ад-Дин Нишапуридің еңбегімен қоса 1202 ж. Әбу Хамид Мухаммадом ибн Ибрахимнің қолымен жазылған оның «Жалғасы» да шықты. «...Захир ад-Дин Нишапури өзінің еңбек жолын Селжұқтардың басшысы Торғұл

II (1177–1194 жж.) патшалық етіп тұрған кезде аяқтады және Исмаил-хан Афшар «Селжұқнаменің» авторы 1187 өлген дегенді айтқанымен, оған еш дәлел көрсетпейді [9, 59 б.].

Захир ад-Дин Нишапуридің «Селжұқнаме» шығармасының Тегеран басылымына екі қолжазба енгізілген, біріншісі XIV ғ. Хамдуллах Қазвинидің «Тарих-и гузида» шығармасы, ал екіншісі, Кашанидің (XVI ғ.)» Зубдат ат-таварих» шығармасында сақталған. «Селжұқнаме» баспагерлері аталған екі қолжазба да Захир ад-Дин Нишапури шығармаларының түпнұсқасындағы мәтіндері еді дегенді айтады [10].

Алайда, Рашид ад-Диннің мәтіндерін жарыққа шығарған түрік ғалымы Ахмед Атеш «...» Селжұқнаме» баспагерлері Захир ад-Диннің «Селжұқнамесінің» қолжазбасын қолданды, қалай болғанда интерполяцияға ұшырады» деп жазады [11, 15 б.].

Ахмед Атеш шығарған мәтіндері негізінде, Тегеран басылымындағы қателерді түзетеді. Олар көбінесе, адам аттары, географиялық атаулар мен тайпалардың аттары еді. «...Бірақ «Селжұқнаме» текстологиялық қателіктерге қарамай жарық көргені үлкен жаңалық, зор табыс болып табылады», – деп жазады түрік ғалымы [12, 73–74б.].

«Селжұқнаменің» тарихи дереккөз ретіндегі маңызы өте зор.

«Алғашқылардың бірі болып Захир ад-Дин еңбектерін XIII ғ. Мухаммад Раванди [13] және Рашид ад-Дин Фазлуллах, XIV–XVI ғғ. тарихшылар Хафиз-и Әбру, Хамдуллах Мустоуфи Қазвини, Муслих ад-Дин Лари, Махмуд Ақсарайлы [14, б. 73–76] пайдаланды.

Захир ад-Дина Нишапуридің тарихи еңбегі алғашқы селжұқтар туралы баға жетпес, құнды мәліметтер береді. «Селжұқнаме» кітабы Селжұқтар үкіметінің өздерінің алтын дәуірін бастарынан өткізіп, қайшылықпен бақталастыққа душар болған кезінде жазылған. Сол себепті тарихшы Селжұқтар үкіметі тарихының басынан өз заманына дейінгі жолына куә болғандықтан бұл үкіметтің әлсіреу факторларына нақты сараптама ұсынады. Бұл сараптама өз түрінде теңдессіз болып табылады. Әскерилер мен жазушының айтуынша билеушілердің (әмірлердің) билік құрылымындағы рөліне көңіл аудару және бұлардың билік саласында басқа органдар мен белсенділермен түйткілдерін баяндау «Селжұқнаме» кітабын Селжұқтар заманындағы басқа еңбектерден ерекшелендіреді. Осы тұрғыдан оқиғаларды боямасыз жеткізуі және осы еңбектің Равандидің «Рахат ус-судуры» сияқты

маңызды еңбектердің жазылуына негіз болып қана қоймай [15, 289 б.], бұл еңбектің Селжұқтар үкіметіндегі билік саласындағы органдар мен белсенділер туралы нақты жазылуын, оның ерекше құндылығы деп атауға болады.

Захир ад-Диннің «Селжұқнамесі» Селжұқтар билігінің құрылымы және әмірлікті жалғастыру тәсілі туралы шынайы, толық мәлімет береді. «Селжұқнама» кітабында осы дәуірдегі саяси өзгерістерде үлкен рөл атқарған топ ретінде қажы Низам әл-Мүлік бастаған хатшылар (دیوان سالاری - диван салари) органының селжұқтардың күшін қалыпқа келтіру және оны билікті сақтап тұру үшін пайдалануға талпынуы жайлы кең қамтылған. «...Селжұқ үкіметінің құрылымында (х.қ.ж.с.б. 431-590 ж.ж.) әртүрлі органдар мен белсенділердің саяси салаға атсалысуы және олардың әрқайсысының билікті қалыптастыру және орнықтырудағы рөліне байланысты осы дәуірге дейінгі саяси биліктерден бөлек құрылым қалыптасты...» деп жазады.

Захиреддин Нишапуридің «Селжұқнама» кітабы (х.қ.ж.с.б. 571-582 ж.ж.) Селжұқтар билігі туралы парсы тілінде жазылған ең көне дереккөзі болғандықтан, әскери күштер мен олардың билігі кезінде басқа органдармен қайшылықтарын толық көрсетеді. Бұл еңбектің шағын мәтіні мен оған Равандидің «Рахат ус-судур» еңбегі сияқты құнды туынды немесе басқа араб дереккөздерінің терең әсері осы кітапқа ерекше көңіл аударуды азайтты (төмендетті). Бұл еңбектен сонымен қатар, әскерилердің билігі туралы біртұтас ақпарат және билік құрылымындағы билеушілер жайлы да мәлімет алуға болады. «Селжұқнама» кітабында басқа органдар, соның ішінде халифат пен сұлтанат жайы да сөз болады.

«Селжұқнама» кітабы тұрғысынан әскерилердің Селжұқтар билігіндегі орны туралы айтылады. Сол дәуірдегі түрік тарихы үшін бұл мәліметтер маңызды құжат болып табылады. Кітапта әскерилердің Селжұқтар үкіметінің қалыптасуында және оның өзгеруінде айтарлықтай рөл атқарғандығы айтылады. Хатшылар (министрлер) органының, әсіресе Низам әл-Мүлктің жеке тұлғасының ұзақ мерзімге жоспарланған, орталықтанған үкімет құру мақсатында әскерилердің күшін реттеп, оған бағыт беруге тырысқан талпыныстарын да көруге болады.

Селжұқтар үкіметі негізінен әскери үкімет болғандықтан бұған ұқсас шығармалар қатарында еуропалық мысалы, сондай туындылардың қатарында Эдмонд Клиффорд Босурт (1362),

Карл Клунез (1381) бен Анна Лембтон (1372) сияқты шығыстанушылар және сондай-ақ доктор Шахрам Юсефифар (1386) сияқты зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектерін Селжұқтар үкіметін зерттеумен қоса, өз зерттеулерінде билеушілер (әмірлер) мен хатшылар (министрлер) ұйымдарына арнаған.

Сонымен қатар, Довуд Исфаханиан өз мақаласында (1352) Селжұқтардың әскери құрылымын тамаша сипаттаған. Джули Мейсами (1391) «Парсы тілінде тарих жазу: Саманилер, Ғазнавилер мен Селжұқтар» атты кітабында Захиреддин Нишапуридің «Селжұқнама» кітабын қысқаша таныстырып өтіп, оны басқа тарихшылар, әсіресе Равандидің «Рахат ус-судур» атты құнды еңбегін жазуда негіз болған деп санайды. Сонымен қатар Мартен (2004) Захир ад-Диннің «Селжұқнама» кітабының ағылшын тіліне аудармасының кіріспесінде және Чарльз Мелвил (2012) «Парсы тілінде тарих жазу» атты еңбегінде «Селжұқнама» кітабының шағын мәтінін оған көп көңіл аударылмауының себебі деп атады.

Саяси билік құрылымына өзгеріс енгізудегі селжұқтардың рөлі мен селжұқ әскерилерінің монополиялық үкіметін баршаны қамтитын орталықтанған үкіметке айналдыруға талпынысын сипаттап өткен.

«Селжұқнама» кітабы Селжұқтар әулетінің тарихы туралы басқа еңбектерге негіз болғанына қарамастан, осы күнге дейін оған нақты түрде көңіл аударылмаған. «...Бұл еңбектің Равандидің «Рахат ус-судур» еңбегімен қатар тұруы, оның шағын ғана мәтіні (85 беттен тұрады), әрдайым тарих ғылымымен айналысатындардың назарына алынатын ең қажетті детальдерге көңіл аударылмауы, сондай-ақ Селжұқтар тарихы туралы араб тілінде мол дереккөзінің болуы бұл еңбектің әрдайым назардан тыс қалуына себеп болды», деп түсіндіреді Мортан [15, 289-290 б.].

Захир ад-Дин Нишапури (х.қ.ж.с.б. 582 жылы дүниеге келген) Селжұқтар үкіметінің сарай маңындағы айтулы тұлғаларының бірі әрі осы әулеттің екі шахзадасының ұстазы болған. Равандидің айтуынша, Иранды Селжұқтардың ең соңғы билеушісі, яғни Тоғұрыл бен Арслан 571-590 (хиджра қамари жыл санауы бойынша) жылдары басқарып тұрғанда, Захир ад-Дин Нишапури осы еңбекті жазуға кіріскен [16, 57 б.].

Ол селжұқтардың тарихын, олардың Иранға келуінен Маазеддин Арсланның өлімі (571 хиджра қамари жыл санауы бойынша) мен Селжұқтардың соңғы билеушісі Тоғұрыл III-нің

(571-590 хиджра қамари жыл санауы бойынша) таққа отыруына дейін жазған. 599 (хиджра қамари жыл санауы бойынша) жылы Әбухамед Мұхаммад бен Ибрахим Тоғұрыл III-нің кезіндегі оқиғаларды «Селжұқнама» кітабына қосымша ретінде қосқан. Исмаил Афшар Абылқасым Кашанидің «Зебде ут-таварих» атты кітабымен бірге түптелген бұл кітаптың бір нұсқасы табылып, 1332 (х.ш.ж.с.б.) жылы басып шығарылды [17, 13 б.]. Бұл еңбек Иран тарихындағы осы кезеңге қатысты парсы тіліндегі ең көне дереккөзі болғандықтан және сараптамалық сипатта жазылғандықтан айтарлықтай құнды болып табылады [18, 289 б.].

«Селжұқнама» кітабы Селжұқтар үкіметі алтын дәуірін бастарынан өткізіп, қайшылық пен бақталастыққа душар болған кезінде жазылған. Сол себепті автор Селжұқтар үкіметі тарихының басынан, өлгенге дейінгі аралықта куә болғандықтан бұл үкіметтің барлық даму факторларына нақты сараптама ұсынады. Ішкі саяси қырқыстарды да ашып көрсеткен. Захир ад-Дин Нишапуридің айтуынша, билеушілердің (әмірлердің) билік құрылымындағы рөліне және бұлардың билік саласында басқа органдар мен белсенділермен түйткілдерін баяндауы «Селжұқнама» кітабын Селжұқтар заманындағы басқа еңбектерден ерекшелендіреді. Осы тұрғыдан оқиғаларды боямасыз жеткізуі және осы еңбектің Равандидің «Рахат ус-судур» сияқты құнды зерттеулердің жазылуына негіз болғанымен қоса, бұл еңбектің Селжұқтар үкіметіндегі билік саласындағы органдар мен басшылардың орнын нақты көрсетілуі, оның ерекше құндылығы деп атауға болады.

Билікке талас Селжұқтар үкіметі құрылғанға дейін де Иранның басқа әулеттері, соның ішінде Саманилер, Буйе әулеті мен Ғазнавилер кезінде де болған. Алайда бұл талас Селжұқтар үкіметінде оның аумақ пен мезгіл тұрғысынан кеңдігі және осы үкімет құрылымының күрделілігіне байланысты басқа үкіметтермен салыстырғанда ерекше байқалды. Селжұқ түркімендері екі ғасыр бойы Мәуереннахрдан бастап Жерорта теңізіне дейінгі кең аумаққа билік жүргізе алды. Бұл мәселе Иранның тарихында сол заманға дейін бұрын-соңды болмаған еді.

«Селжұқнама» кітабы әскерилерді жалпы «билеушілер» (әмірлер) деп атаған. Өте сирек, тек қажет болған жағдайда ғана кейбір әскери қайраткерлердің есімін атап отырған. Билеушілер дегеніміз Селжұқтар үкіметіндегі әскери қайраткерлер болған. Олар әртүрлі сатыларда, соның ішінде әскери қолбасшылық, қалалар мен

уәлаяттарды басқаруда және міндетті орындауда мансабы бар билеушілердің қол астында қызмет еткен [16, 267 б.].

Селжұқ билеушілері (әмірлері, қызметкерлері) мойындарына алған міндеттердің бірі атабектер органын басқару болды. Атабек селжұқ шахзадасын тәрбиелеу міндетін атқарған. Егер бір шахзада бір уәлаятты басқаруға жіберілсе, шахзада өскенше хатшылықты құрып, уәлаятты басқару атабекке тапсырылған. Атабек шахзадаға ел басқару және әскерді басқару өнерлерін үйретумен бірге оның мінез-құлқы мен амал-әрекетін бақылап отырған. Осылайша оның бүлік шығару ықтималына тосқауыл қойып отырған [17, 201 б.].

Шахзадалармен бірге атабекті уәлаятқа жіберу аталмыш аймақтарда селжұқ сұлтанының билігін сақтаумен қоса, шахзадалардың орталық биліктен бөліну мақсаттарының алдын алып, оларды селжұқ сұлтанына адал болуға тәрбиеленуіне кепілдік бола алған. Қажы Низам әл-Мүлік тарапынан басқарылған сұлтан Мұхаммад Мәлекшахтың билігінен кейін көптеген атабектердің өздері жекелей билікті қолдарына алса да, әрдайым Селжұқтар үкіметі деген атты өзімен бірге алып жүрген. Осы арада Анатолия мен Керман селжұқтары және Фарс пен Луристанның атабектерін атауға болады [19, 138-143 б., 20, 50-54 б.].

«Селжұқнама» кітабында қажы Низам әл-Мүлік Селжұқтар заманындағы ең ұлы саяси-әкімшілік ойшыл (қайраткер) ретінде сипатталған. Ол қоғамда сұлтанның бақылауындағы бір орталықтанған күш қалыптастырумен қатар, қоғамды билеушілердің (әмірлер) шектен тыс талап етушіліктеріне бой ұсындырмай, оларды әсерлі түрде пайдалануға жол нұсқады, – деп жазады Захир ад-дин Нишапури [10, 33 б.].

Бірақ қажы Низам әл-Мүлік Селжұқтар үкіметінің әскери күшке негізделген жүйесімен оның біртұтастықты қалаған күшін қабылдай отырып, айбынды селжұқ сұлтанының жанында бір мықты хатшылар (министрлер) органын құрып, соның күшін Селжұқтар әулетінің нығайтып, бекуіне жұмсады [10, 55 б.].

Сондай-ақ шығармада билік басындағы сұлтандардың ел билеудегі қаталдығы мен қатаң тәртіп туралы да сөз болады.

Қажы Низам әл-Мүлік әрдайым әскерилердің қызметіне жақсы жалақы төлеуге тырысқанымен, олар шектен тыс талап ете бастаса, аса қатыгездікпен жазалап отырғандығы да айтылады.

Мысалы, «...Низам әл-Мүлік Мәлекшахпен кеңескеннен кейін билеушілерге (әмірлер) қарсы тұрудың жалғыз жолы кесімді түрде қатынас көрсету деп біліп, олардың дәрежелігіне дәрежелікпен жауап берді: «Низам әл-Мүлік бүгін кешке оқшау қалған кезде бұл мәселені сұлтанға айтып, одан жауап алатын болып келісті. Кешке сұлтанмен осы мәселе жайлы сөйлесті. Осы сөздің қауіпті мағынасын оған түсіндірді. Сұлтан Қауыртқа у ішкізіп, екі ұлының көздерін ағызуға бұйрық берді» ([10, 29 б.]).

Селжұқтар тұсында патшалық биліктің дәстүрі, соның ішінде мұрагерлік мәселесі мен мұрагердің тағайындалуы күшті дамыды.

Билікке талас туған кездегі бірнеше көріністер жақсы суреттеліп жазылған. «Селжұқнама» кітабында Алып Арсланның (х.қ.ж.с.б. 455-465) Тоғұрылдың орнына келуі кезінде кейбір әскерилердің, соның ішінде Құтылмыштың қарсылығына және олардың арасында қақтығыстар болғаны баяндалады. «Оларды ислам мемлекетінің қиыр шекарасына жіберу керек, соны қорғап, сонда орнығып, билікке араласудан бас тартып, өз өмірлерін басыбайлықта өткізсін» деп жазған Захир ад-дин Нишапури [106 22 б.].

«Селжұқнама» кітабы бойынша, билік құрылымында нақтырақ әрі айқынырақ сипатталған және биліктің шегін белгілеуге болатын сұлтан мен уәзірге керісінше билеушілердің (әмірлер) өкілеттігінің аясы белгісіздік

болған. Олардың билік ету шекарасы айқын болмауы және олардың сұлтан мен уәзірдің өкілеттіктеріне араласуы оқырманның санасында билеушілердің (әмірлер) күшінен қорқатындай бейне тудырады.

Захиреддин Нишапуридің «Селжұқнама» кітабы Селжұқтар билігі туралы парсы тіліндегі көне дереккөзі ретінде биліктің құрылымындағы әскерилер, осы кітапта айтылғандай, билеушілерге (әмірлер) ерекше көңіл бөлген. Бұл еңбекте басқа органдар, соның ішінде халифат пен сұлтанат органдары қарастырылса да, «Селжұқнама» кітабында айтылған билеушілер (әмірлер) мен олардың елдің барлық істеріне араласуы, хатшылар (министрлер) органының олардың күш-қуатын бағыттап, қалыпқа салуға талпынуының сәтсіздікке ұшырауы мәселелері талқыланды.

Захиреддин Нишапуридің «Селжұқнама» кітабын саралап қарап отырсақ, Селжұқ түркімен тайпаларымен әміршілердің қылыштарының күшімен құрылған Селжұқтар үкіметі шын мәнінде әскери үкімет болғанын көреміз. Онда әскерилер мен әміршілер биліктегі қарым-қатынастарда әсерлі топ ретінде ерекше рөл атқарғаны байқалады. Бұл мәселе әсіресе әскерилер мен хатшылар (министрлер) органы арасында билікті қалыптастыру мен нығайтуға қатысты қарым-қатынаста айқынырақ көрініс тапқан.

Әдебиеттер

- 1 Cahen C. Le Malik-nameh et l'histoire des origines Seldjucides. Oriens, vol. II, 1949.
- 2 Gregory Abu'l Farac (Bar Hebraeus). Abu'l Farac tarihi. Turkeye ceviren R.O. Dogrul. Cilt. I. – Ankara. 1945.
- 3 Grousset R. L'empire des steppes. Paris, 1941.
- 4 Kafesoglu I. Buyuk Selcuklu veziri Nizamu'l Miilk'un eseri Siyaset-name ve turkce tercumesi. TM, cilt XII, 1955.
- 5 Бартольд В. В. Сочинения, т. II, ч. I. – М., 1963.
- 6 Cahen C. The historiography of the Saljuqid period. HME. – London, 1962.
- 7 Бартольд В. В. Сочинения, т. II, ч. I. – М., 1963.
- 8 Захир ад-Дин Нишапури. Сельджук-наме. – Тегеран, 1332.
- 9 Рахмани А. А. "Сельджук-наме" Захир ад-Дина Нишапури как источник по истории Азербайджана. ИАН АзССР, СОН, 1963, № 3.
- 10 ظهیری نیشابوری، ظهیرالدین، سلجوقنامه، به انضمام ذیل سلجوقنامه ابوحامد محمد بن ابراهیم، تصحیح میرزا ابراهیم افشار «حمیدالملک»؛ محمد رمضان، صاحب کلاله خاور، اساطیر، تهران، 1390.
- 11 Rasid al-Din Fazlallah. Cami al-tavarih. Selcuklular tarihi. – Ankara, 1960.
- 12 766. The Rahat-us-Sudur wa Ayat-us-Surur, being a History of the Saljuqs by Muhammed fbn All ibn Sulaymah al-Rawandi, ed. by M. Iqbal. Leyden–London, 1921.
- 13 راوندی، ابوبکر نجم الدین محمد بن علی بن سلیمان بن محمد بن احمد بن الحسین بن همت، راحة الصدور و اية السرور: در تاریخ آل سلجوق، اساطیر، تهران، 1390.
- 14 Cahen C. The historiography of the Saljuqid period. HME. – London, 1962.
- 15 Morton, A.H., The Saljuqnameh of Zahir al-din Neishabouri, Warminster: Gibb Memorial Trust, 2004.
- 16 قسرایبی، محمود بن محمد؛ تاریخ سلاجقه (مسامرة الاخبار و مسایرة الاخیار)، به اهتمام دکتر عثمان توران، تهران: انتشارات اساطیر. (1362)
- 17 یوسفی فر، شهرام، تاریخ تحولات سیاسی، اجتماعی، اقتصادی و فرهنگی ایران در دوره سلجوقیان، دانشگاه پیام نور، تهران، 1386.
- 18 قزوینی، حاجی بن نظام عقیلی، آثارالوزراء، تصحیح و تعلیق میرجلال الدین حسینی ارموی «محدث»، اطلاعات، تهران، 1364.
- 19 پاژنگ، ریاحی، محمدمبین؛ (1369)، زبان و ادب فارسی در قلمرو عثمانی، تهران: انتشارات
- 20 رییگا، یان و دیگران؛ (1381)، تاریخ ادبیات ایران، ترجمه عیسی شهایی، تهران: انتشارات

References

- 1 Sahen C. *Le Malik-nameh et l'histoire des origines Seldjucides*. Oriens, vol. II, 1949.
- 2 Gregory Abu'l Farac (Bar Hebraeus). *Abu'l Farac tarihi*. Turkiye ceviren R. O. Dogrul. Cilt. I. Ankara. 1945.
- 3 Grousset R. *L'empire des steppes*. Paris, 1941.
- 4 Kafesoglu I. *Buyuk Selcuklu veziri Nizamul Miilk'un eseri Siyasat-name ve turkce tercumesi*. TM, cilt XII, 1955.
- 5 VV Bartold, Works, vol. II, part 1. M., 1963.
- 6 Sahen S. *The historiography of the Saljuqid period*. HME. London, 1962.
- 7 VV Bartold, Works, vol. II, part 1. M., 1963.
- 8 Zahir ad-Din Nishapuri. *Selcuk-nam*. Tehran, 1332
- 9 Rahmani A. A. "Seljuk-name" Zahir ad-Din Nishapuri as a source on the history of Azerbaijan. IAS AzSSR, DSS, 1963, No. 3.
- 10 Zahiri, Nishapuri, Zahir al-Din, Seljukhakeman, including the following Seljukh-e-Aqaqat Abu Mohammad ibn Abraham, {Correction of Mirza Ibrahim Afshar Hamid al-Malik}, Mohammad Ramezani, Sahib Kalaleh Khavar, mythology, Tehran, 2011.
- 11 Raad al-Din Fazlallah. *Cami al-tavarih*. Selcuklular battleship. Ankara, 1960.
- 12 766. *The Rahat-us-Sudur wa Ayat-us-Surur*, being a History of the Saljuqs by Muhammed fbn All ibn Sulaymah al-Rawandi, ed. by M. Iqbal. Leyden-London, 1921.
- 13 Ravandi, Abu Bakr Najmiddin Mohammed bin Ali bin Suleiman ibn Muhammad ibn Ahmad ibn al-Hussein bin Hemmat, Raha al-Sadr and Eyat al-Sjur: in the history of Al Seljuk, mythology, Tehran, 2011.
- 14 Sahan S. *The historiography of the Saljuqid period*. HME London, 1962.
- 15 Morton, A.H., *The Saljuqnameh of Zahir al-Din Neishabouri*, Warminister: Gibb Memorial Trust, 2004.
- 16 Qassra'i, Mahmoud ibn Muhammad, *The History of Salajeqah (Issamarat al-Akhbar and Masayerat al-Kha'yar)*, by Dr. Othman Turan, Tehran: The Mythological Publishing. (1362)
- 17 Yousefifar, Shahram, *History of Political, Social, Economic and Cultural Change of Iran during the Seljuk period*, Payame Noor University, Tehran, 2007.
- 18 Ghazvini, Haji b. Nasiji Aghili, *Works of Alazra, Correction and Suspension Mir-Jul-al-Din Hosseini*, Ermo "Mohaddes", Information, Tehran, 1985.
- 19 Riahi, Mohammad Amin (1369), *Persian Language and Literature in the Ottoman Empire*, Tehran: Pejang Publishing.
- 20 Ripka, Yan and others (2002), *History of Iranian Literature*, Translation by Isa Shahabi, Tehran: Scientific and Cultural Publishing.